

Педагогикалық мамандыққа кіріспе


II Бөлім. Педагогикалық кәсіп және педагог тұлғасы

Тақырыбы: Мұғалімді кәсіби дайындаудағы құзыреттілік тұрғысының мәні




Жоспар

1. “Құзыреттілік”, ”кұзыр”, “кұзырлылық” ұғымының мәні
2. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі, оның құрылымы
3. Мұғалімнің теориялық дайындығы
4. Мұғалімнің практикалық дайындығы




Құзыреттілік ұғымына түсінік



**Аврам Ноам
Хомский**

1928 ж. 7
желтоқсан (85 жас)

«Құзыреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында Н. Хомский енгізген болатын, алғашында ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттіктер ұғымын берген.



күзйреттілік
(латынның
competentis-
бейім

сөзінен)–
қандай да бір
оқу пәнін
оқыту
үдерісінде
қалыптасатын
білім, білік,
дағдылар
жиынтығы,
сонымен
қатар, қандай


да бір

қызметті

орындай алу
қабілеттілігі

Орыс тілінің сөздігінде «күзйреттілік» термині
«әлдекімнің жақсы хабардар болуы мәселесі
төңірегінде» берілген.

Латынның «compete» деген термині «білу», «жасай
алу», «дегеніне жету» деген мағыналарды береді. Бұл
жалпы алғанда күзйреттіліктің мәнін анықтайды.



Педагогикалық құзыреттілік

Құзыреттілік дегеніміз қызметтегі тұлғаның жеке мүмкіндіктерін, оның белгілі бір мәселені шешуге жағдай жасайтын біліктілігін (білім, тәжірибе) атайды.



С.И.Ожегов сөздігінде:

Құзыр

- кімнің болмаса да, жақсы хабардар болған сұрақтар төңірегі
- қандай-да біреулердің билігі, құқы

Құзырлылық

- бір сұрақтар төңірегіне жинақтаушы
- бір нәрселерді шешу құқы бар



Педагогикалық кәсіби құзыреттілік ҰҒЫМЫ.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі деп педагогикалық іс-әрекетті атқару үшін оның теориялық және практикалық дайындығын және профессионализімін атайды. (В.А.Сластенин)


Педагогтың кәсіби құзыреттілігі
дегеніміз кәсіби іс-әрекетті
орындаудағы мүмкіндіктері


Педагогикалық құзыреттілік

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі деп педагогикалық іс-әрекетті атқару үшін қажетті теориялық және практикалық дайындықты атайды және ол мұғалімнің кәсіби профессионализімін сипаттайды. (В.А. Сластенин)

Кәсіби құзыреттілік түрлері

- Тұлғалық - өзін-өзі тану бойынша біліктілік, дағдысын жетілдіруге кәсіби іс-әрекет тұлғаның дамуына дайындығының болуы
- Өлеуметтік – тіл туралы білімінің, коммуникативті мәдениетінің, басқамен ынтымақтастыққа қабілеттілігінің, өзінің іс-әрекетінің нәтижесіне, қоршаған ортаға дайындығының болуы.
- Арнайы - өзінің мамандығына сәйкес білімі, біліктілігі, дағдысы, жаңа білім мен білікті өз бетімен меңгеру, өз еңбегінің нәтижесін бағалау, біліктілігінің болуы.






Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің компоненттері

Егер аталған компоненттердің әрқайсысына жеке тоқталатын болсақ, онда


Субъектілік компонентке- мұғалімнің мақсат қоя білушілік, шығармашылық және өзін дамыту барысында өзіндік диагностиканы, өз ісіне талдау жасай отырып, өзіне сыни тұрғыдан қарай алу шеберлігі жатады

Нысандық компонентке- кәсіби іс-әрекет жүйесін және мұғалімнің әрекетіндегі қойылған міндеттерді шешудегі стратегиялық іскерлік;

Пәндік компонентке: өз білімін жетілдіру мақсатында қажеттіліктерін қанағаттандыру



Педагогтың **кәсіби құзыреттілігі** ұғымы мұғалімнің жеке мүмкіндіктерін білдіреді, ол педагогикалық ситуацияларды дербес және тиімді шешуге ықпал етеді. Ол үшін мұғалім педагогикалық теорияларды және оны практикада қолдануды білуі керек.



Педагогикалық құзыреттілік
мұғалімнің **теориялық** және
практикалық дайындығынан
құралады. Олар өз кезегінде
педагогикалық іскерліктерге
бөлінеді.

Педагогикалық кұзыреттіліктің кұрылымы

Педагогикалық іскерлік – бұл теориялық білімге негізделген және үйлесімді тұлғаны дамытуға бағытталаған, бірізіді жүзеге асатын автоматтандырылған әрекеттердің жиынтығы.

(В.А.Сластенин)

Педагогикалық кұзыреттіліктің кұрылымы

Педагогикалық іскерліктер – мұғалімінің әр түрлі әрекеттерінің жиынтығы, ең бастысы олар педагогикалық іс-әрекеттің қызметіне сәйкес келеді, белгілі бір мөлшерде мұғалімнің жеке психологиялық ерекшеліктерін анықтайды.

(В.А.Мижериков)

Педагогикалық кұзыреттіліктің кұрылымы

Педагогикалық кұзыреттілік

Теориялық
дайындық

Аналиткалық іскерлік

Болжау іскерлігі

Жобалау іскерлігі

Рефлексивтік іскерлік

Практикалық дайындық

Коммуникативті
іскерлік

Ұйымдастырушылық
іскерлік

Мұғалімнің теориялық дайындығы.

Мұғалімнің теориялық дайындығы педагогикалық ойлау іскерлігі түрінде көрінеді.

Педагогтың теориялық дайындығына:

- Аналитикалық іскерлік;
- Болжау іскерлігі;
- Жобалау іскерлігі;
- Рефлексивті іскерлік кіреді.

Аналитикалық іскерлік төмендегі іскерліктерден құралады:

- Педагогикалық құбылыстарды талдай алу;
- Зерттейтін құбылыстарға сәйкес пед. теорияларды, заңдылықтарды анықтау;
- Пед. құбылыстарды дұрыс болжай алу;
- Негізгі пед. міндеттерді құрастыру;
- Міндеттерді тиімді шешу жолдарын анықтау

Мұғалімнің теориялық дайындығы.

Болжау іскерлігі құралады:

- Білім берудің мақсаты мен міндеттерін анықтау;
- Оларға жету үшін әдістерді таңдау;
- Мүмкін болатын кедергілерді білу, оларды жою жолын білу;
- Білім беру процесіне қатысушылардың уақыты мен күтілетін шығынадарды болжау;
- Білім беру процесіне қатысушылардың өзара әсерлесу мазмұнын жоспарлау

Болжау іскерлігі болжау объектісіне байланысты үш топқа бөлінеді:



Жобалау іскерлігі құралады:

- Оқыту және тәрбие жолдарын нақтылау;
- Оларды кезеңдер бойынша негіздеу;
- Іс-әрекет түрлері мен мазмұнды жоспарлау;

Жобалау іскерлігі құралады:

- Білім беру процесінің құрылымын, формаларын анықтау;
- Оқушылармен жеке жұмысты жоспарлау;
- Ата-аналармен, қоғаммен байланыс орнатуды жоспарлау.

- **Рефлексивті іскерлік** педагогтың өзіне бағытталған бақылау-бағалау іс-әрекетін жүзеге асыруда қолданылады.
- **Рефлексия** - өзімізді, әрекеттерімізді талдауға бағытталған теориялық іс-әрекеттің ерекше түрі.
- **Рефлексия** латынша **өткенге қайта оралу** дегенді білдіреді.

Мұғалімнің практикалық дайындығы

- Мұғалімнің практикалық дайындығы оның сыртқы іскерліктері арқылы, яғни байқауға болатын әрекеттері арқылы анықталады.

Мұғалімнің практикалық дайындығы.

Ұйымдастырушылық
іскерлік

Мобилизация
лық
іскерлік


Ақпаратты
қ
іскерлік

Дамытушы
іскерлік

Бағыттауш
ы
іскерлік

Мұғалімнің мобилизациялық іскерлігі бағытталады:

- Оқушылардың оқуға деген зейінін аудару және тұрақты қызығушылығын дамыту;
- Оқу дағдыларын қалыптастыру, оқу іс-әрекетін ғылыми ұйымдастыру тәсілдерін үйрету;
- Оқушылардың белсенділігін, шығармашылықтарын қалыптастыру;
- Ынталандыру және жазалау әдістерін тиімді қолдану.

- 
- **Ақпараттық іскерлік** – оқу материалын түсіндіру, оны алу және өңдеу әдістерімен байланысты қолданылады.
 - Ақпараттық іскерлікті қолдану барысында ақпарат көздері білім беру процесінің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес өңделеді.

Ақпараттық іскерлік төмендегі қабілеттерде көрінеді:

- Пәннің ерекшелігіне, оқушылардың дайындығы, өмірлік тәжірибесі, жас ерекшеліктерін ескере отырып оқу материалын түсіндіруде;
- Әр түрлі әдістерді қолдана отырып, оқу ақпаратын беру процесін дұрыс ұйымдастыруда;

Дамытушы іскерлік құралады:

- Оқушының жақын даму аймақтарын анықтау;
- Оқушылардың таным процесін, сезімдерін, еріктерін дамыту үшін проблемалық ситуациялар құрастыру;
- Танымдық дербестікті, шығармашылықты ынталандыру;
- Жекелеген қабілеттерді дамытуға жағдай жасау

Бағыттаушы іскерлігі –

тәрбиеленушілердің адамгершілік құндылықты ұстанымдарын және дүниетанымын қалыптастыруға бағытталып, оқу іс-әрекетіне және ғылымға деген тұрақты қызығушылығын, тұлғаның әлеуметтік маңызы бар қасиеттерін дамыту мақсатында бірлескен шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастырудан құралады.

Мұғалімнің практикалық дайындығы

- Сұрақтарды қысқа әрі ұғынықты құрастыруда;
- Көрнекі құралдарды тиімді қолдануда;
- Оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейі мен сипатын оперативті болжауда қолданылады.

Мұғалімнің практикалық дайындығы.

Мұғалімнің коммуникативті
іскерлігі

Перцептивті
іскерлік

Педагогикалық
қарым-қатынас
іскерлігі

Педагогикалық
техника

Мұғалімнің практикалық дайындығы.

- **Перцептивті іскерлік** – қарым-қатынастың басқаларды қабылдау, түсіну түрінде көрініс табады. Ол үшін басқа адамдардың құндылық бағдарын білу керек.
- **Перцептивті іскерлік** арқылы алынған ақпарат педагогикалық қарым-қатынастың тиімді өтуіне ықпал жасайды.

Мұғалімнің практикалық дайындығы

В.А.Сластенин перцептивті іскерлік төмендегілерден тұрады дейді:

- Бірлескен іс-әрекерре сеіктестің белгілері туралы ақпаратты дұрыс жеткізу, қабылдау
- Басқа адамдардың тұлғалық мәніне терең ену;
- Адамның жеке ерекшеліктерін анықтау;
- Адамның қандай типке, темпераментке жататынын анықтау;

Мұғалімнің практикалық дайындығы.

Перцептивті іскерліктің құрамы(жалғасы):

- Адамның сыртқы сипаты мен өзін-өзі ұстауы бойынша адамның ішкі әлемі, болашақ іс-әрекетін және бағытын анықтау;
- Адамның көңіл-күйін, жағдайын, белгілі бір оқиғаға деген қатынасын анықтау;
- Адамның құндылық бағдарын көре білу.

Мұғалімнің практикалық дайындығы.

Педагогикалық техника төмендегі іскерлік пен дағдылардан құралады:

- Дұрыс жұмыс стилін таңдау;
- Оқушылардың зейінін басқару;
- Мұғалімнің сөйлеу мәдениетін дамыту;
- Мұғалімнің өз денесін басқаруы;
- Психологиялық жағдайды реттеу;
- Әр түрлі сезімдерді білдіру техникасын білдіру;
- Ақпаратты бейнелі жеткізе алу

Тақырып бойынша сұрақтар

Құзіреттілік ұғымына сипаттама бер

С.И.Ожегов сөздігі бойынша құзіреттілік сөзінің мағынасы қандай?

Педагогтың коммуникативті құзыреттілігінің құрылымдық компоненттері бойынша құрылымдық –логикалық сызба жасаңыз



Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы./ «Егемен Қазақстан» , 2007 .- 15 тамыз
- Жекибаева Б.А. Введение в педагогическую профессию. Караганда: Изд-во КарГУ им. Е. А. Букетова, - 2014. – 192 с.
- Жекибаева Б.А. Introduction to the teaching profession. Караганда: Изд-во КарГУ. - 2014. – 162 с.
- Введение в педагогическую профессию: Учебное пособие для студентов пед. специальностей./ Хан Н.Н., Калиева С.И., Жексенбаева У.Б., Колумбаева Ш.Ж., Калиева Г. И., Берикханова А.Е./ - Алматы, 2010 – 243 с.
- Шкутина Л.А. Профессиональная педагогика.-Караганда: изд-во КарГУ, 2002
- Кукушин В.С. Введение в педагогическую специальность: Учеб. пособие. - Ростов н/Д. : Март : Феникс, 2010. - 255 с.
- Слостенин В.А. Педагогика: Учебное пособие для вузов /В. А. Слостенин, И. Ф. Исаев, Е. Н. Шиянов. – М.: Академия, 2002. - 576 с.
- Ахметова Г. К., Исаева З. А., Әлқожаева Н.С.Педагогика: оқулық. – Алматы:Қазақ ун-ті, 2006. – 218 б.

Қосымша әдебиеттер

- Орлов А.А. Введение в педагогическую деятельность. Практикум. Учебно-метод. пособие для студентов высших педагогических учебных заведений — М.: Издательский центр «Академия», 2004. - 256 с.

Мерзімдік әдебиеттер (басылымдар) тізімі

- Қ.Серғазы. «Мұғалімдер біліктілігін арттыру – заман талабы» // Қазақстан мектебі – 2013.
- 4. А.Қалиева. Мұғалім беделін кәсіби білігі мен білімі көтереді // Мұғалім және қоғам – 2009.